

Жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау кезінде айыппұл мөлшерін арттыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 30 қыркүйек N 975. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.02.27. N 206 қаулысымен.

Темір жол тарифі деңгейінің көтерілуіне байланысты және жылжымалы құрам мен контейнерлерді пайдалануды жақсарту, темір жолдардың, жүк жөнелтушілер мен жүк алушылардың жүк тасымалдау жоспарын орындауға өзара материалдық жауапкершілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1993 жылғы 1 қазаннан бастап темір жол Жарғысында көзделген, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 11 наурыздағы N 196 қаулысымен (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ, 1993 ж., N 8, 95-бап) белгіленіп, қолданылып жүрген айыппұл мөлшері:

50 және 92-баптарға сәйкес темір жолдың вагондар беру мен алып кетуді кідірткені үшін;

51 және 161-баптарға сәйкес вагондарды тазартпағаны және цистерналарды сарықпағаны үшін;

104-бапқа сәйкес тікелей аралас қатынас тасымалы кезінде контейнерлерді белгіленген мерзімнен артық кідірткені үшін;

118 және 118-1-баптарға сәйкес жүктерді ауыстыру жоспарын орындамағаны және вагондар мен кемелердің бос тұрғаны үшін;

144-бапқа сәйкес жүк тасымалдау жоспарын орындамағаны үшін;

155-бапқа сәйкес жүк атауын дұрыс көрсетпегені үшін;

155-1-бапқа сәйкес темір жолдың рұқсатынсыз жалпы желілік парктің вагондары мен контейнерлерін жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың және кірме жол иелерінің өздерінің ішкі тасымалына пайдаланғаны үшін;

156, 156-1, 156-2, 157 - баптарға сәйкес вагондар мен контейнерлерді белгіленген мерзімнен артық кідірткені үшін;

159-1 - бапқа сәйкес вагондар мен контейнерлердің жүк көтергіштігі мен сыйымдылығын толық пайдаланбағаны үшін;

163-бапқа сәйкес кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге қарасты немесе олар жалға алған вагондар мен контейнерлерді темір жолдың өз бетімен алып қойғаны үшін 3 есе арттырылсын. <*>

Ескерту. Осы баптарда көзделген айып мөлшері 1994 ж. 1 сәуірден бастап 3 есе арттырылған - ҚРМК-нің 1994 ж. 16 наурыздағы N 278 қаулысына сәйкес.

2. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі жүк тасымалдау тарифының деңгейін одан әрі өзгерткен жағдайда осы қаулының 1-тармағында көрсетілген айыппұл мөлшерін өзгерту туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тиісті ұсыныстар енгізіп отырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК